

FinePower

Мониторға арналған қуат блогы FinePower Y-36M / Y-65M

Құрметті сатып алушы!

Сізге «FinePower» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағыныңыз үшін алғыс білдіреміз. Осы Нұсқаулықты сақтап қойыңыз және бұйымды әрі қарай пайдалану кезінде оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.



Мониторларға арналған қуат блогы мониторға тікелей желіден қуат беруге арналған.

Сақтық шаралары

1. Бұл құрылғыны тек арнаулы бойынша пайдаланыңыз.
2. Бұл құрылғы коммерциялық мақсаттарда пайдалануға арналмаған.
3. Мониторға қосылып тұрған кезде, қуат блогы ілулі күйде болмауы тиіс. Қуат блогын тегіс қатты бетте орналастыру қажет.
4. Құрылғыны ешнәрсемен жаппаңыз және үстіне бөгде заттар қоймаңыз.
5. Құрылғыны ылғал, түрлі сұйықтықтар, сондай-ақ жылу көздері әсерінен сақтаңыз.
6. Құрылғыны өзіңіз ашып, бөлшектемеңіз. Аталған қуат блогында пайдаланушы қызмет көрсететін ішкі элементтер жоқ.
7. Аталған құрылғыны төтенше температуралардың ұзақ әсеріне ұшыратпаңыз.
8. Аталған құрылғыны балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
9. Бұл құрылғы коммерциялық мақсаттарда пайдалануға арналмаған.
10. Құрылғының жұмысында ақаулар болған кезде, авторландырылған сервис орталығына жүгініңіз.
11. Құрылғыны көзге көрінетін зақымдары болған кезде пайдаланбаңыз, сервис орталығына хабарласыңыз.
12. Құрылғыны монитордан ажыратқан кезде, кабелінен емес, коннекторынан ұстаңыз.

Қауіпсіз пайдалану ережелері мен шарттары

1. Коннектордың қолайлы түрін таңдаңыз да оны кабельге қосыңыз. Коннекторды таңдаған кезде ағытпалардың полярлығына назар аударыңыз (1-сурет).
2. Жиынтықта келетін кілтті пайдалана отырып, Сіздің мониториңыздың (ноутбугыңыздың) сипаттамаларына сәйкес келетін шығыс кернеуді таңдаңыз (2-сурет).
3. Қуат блогын электр желісіне қосыңыз.



Кепілді қызмет көрсету шарттары

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік кезеңі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге ғана қолданылады. Кепілдік қызмет көрсетуге пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес бұйымды пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен тыс істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Сервис орталықтарының өзекті тізімі мына адрес бойынша:
<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

Кепілдік мерзімі: 12 ай.
Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Техникалық сипаттамалары

Модель	Y-36M	Y-65M
Қуат беру параметрлері	100-240 В, 50/60 Гц	
Шығыс қуаты	36 Вт дейін	65 Вт дейін
Шығыс кернеу	9-20 В	9-24 В
Шығыс кернеу және ток	9 В, 12 В, 14 В, 15 В, 18 В 2000 мА	9 В, 12 В, 14 В, 15 В, 19 В 3420 мА
	19 В, 20 В 1800 мА	20 В, 24 В 2500 мА
Үйлесімді құрылғылар түрі	Монитор, ноутбук	
Коннекторлар саны	Макс. үйлесімділікті қамтамасыз етуге арналған 5 ауыспалы коннектор	
Қорғау технологиялары	Шамадан тыс жүктеуден қорғау, қысқа тұйықталудан қорғау	

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітіп қоюды қажет етпейді.
- Құрылғы дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында 5 °С-тан 40 °С-қа дейінгі ауа температурасында және 80%-тен аспайтын салыстырмалы ауа ылғалдылығында қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда коррозияны тудыратын жемір қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғы құрғақ ортада тасымалдануы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты ұстауды қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғыны өткізу РҚ қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін тиісті электр және электрондық жабдықты қабылдау орнына кәдеге жаратуға тапсырылуға тиіс. Осы өнімнің кәдеге дұрыс жаратылуын қамтамасыз етіп, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және дұрыс қолданылмаған жағдайда қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келтірілуі мүмкін залалдың алдын аласыз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдарда немесе тұрмыстық қоқысты шығаратын кәсіпорыннан білуге болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда, дереу авторландырылған сервис орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Нинхай Инцзяо Электрикал Ко., Лтд.
Цуйцзя, Сидянь, Нинхай, Нинбо қ., Чжэцзян пров., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарқа, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Импорртаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Тауар Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

- КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтың қауіпсіздігі туралы»
- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімділігі».

Тауар Еразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Өнім ерекшеліктері, ол туралы ақпарат, оның жиынтықталымы мен функционалы пайдаланушы алдын ала хабардар етілмей өзгеруі мүмкін.

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

v.1

